



**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫНЫҢ  
ҰЛТТЫҚ БАНКІ  
№ 17 БАСПАСӨЗ Р Е Л И З І  
2012 жылғы 7 мамыр**

***Қазақстан Республикасында экспорттық-  
импорттық валюталық бақылауды жүзеге  
асыру және резиденттердің экспорт және  
импорт бойынша келісімшарттардың  
есептік нөмірлерін алу қағидаларының  
қабылдануы туралы***

Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі 2012 жылғы 24 ақпанда Қазақстан Республикасында экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру және резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу қағидаларының (бұдан әрі – Қағидалар) қабылданғаны туралы хабарлайды.

Қағидалар «Қазақстан Республикасының кейбір заңнамалық актілеріне валюталық реттеу және валюталық бақылау мәселелері бойынша өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» Қазақстан Республикасының Заңын іске асыру мақсатында әзірленді.

Көрсетілген нормативтік құқықтық акт экспорттық-импорттық валюталық бақылауды жүзеге асыру тәртібін, сондай-ақ резиденттердің экспорт және импорт бойынша келісімшарттардың есептік нөмірлерін алу талаптарын (оның ішінде келісімшарттың сомасына қатысты асып кеткен жағдайда келісімшарттың есептік нөмірін алу талап етілетін шекті мәнді) айқындайды.

Қағидаларға сәйкес экспорттық-импорттық валюталық бақылау – бұл уәкілетті банктер, Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі және басқа да мемлекеттік органдар резиденттердің шетел және ұлттық валютаны репатриациялау талабын орындауын қамтамасыз ету мақсатында өз құзыреттері шеңберінде жүзеге асыратын шаралар кешені.

Қағидалар Нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізіліміне 2012 жылғы 16 сәуірде № 7584 енгізілген.

Қағидалар қолданысқа енгізілген күнге (2012 жылғы 1 шілде) дейін «Нормативтік құқықтық актілер туралы» 1998 жылғы 24 наурыздағы Қазақстан Республикасының Заңы 5-бабының 3-тармағына сәйкес Қазақстан Республикасының Ұлттық Банкі Басқармасының 2006 жылғы 17 тамыздағы № 86 қаулысымен бекітілген Қазақстан Республикасында экспорт-импорт валюта бақылауын жүзеге асыру ережесі қолданылады.